

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

«Гелиос» ЖШС «Гелиос» ЖШС Павлодар филиалы, мекенжайы: Қазақстан Республикасы Павлодар облысы Успен ауданы Успенка ауылы Успенка ауылына кіреберістегі жол айрығындағы №16 жанармай құю станциясын қайта жаңартуды» жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 21 сәуірдегі Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk> сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 15.05.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Павлодар облысы бойынша экология департаменті» MM pavlodar-ekoder@ecode.gov.kz электронды мекенжайына немесе Павлодар қ., Олжабай батыр көшесі, 22 (Павлодар облысы бойынша экология департаменті) қабылдайды. Тел. 8 (7182) 53-29-10. (2046)

«Астам НС» ЖШС қаланың ауылдық аймағында орналасқан «Байет» кен орнында (2026-2035 жыл) эктас өндіру кезеңіне арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына атмосфераға жол берілетін ШНШ жобасы, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Екібастұз қаласы Павлодар облысы.

Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Екібастұз қаласының ауылдық аймағы. Алаңның координаттары: 51°41'41,77" с.е. 75°01'06,03" ш.б. 51°41'36,17" с.е. 75°01'59,46" ш.б. 51°41'07,36" с.е. 75°01'55,15" ш.б. 51°41'10,83" с.е. 75°00'42,29" ш.б. 51°41'24,50" с.е. 75°00'42,24" ш.б. 51°41'24,06" с.е. 75°01'06,06" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 5 маусымда сағат 15:00-де Павлодар облысы, Екібастұз қ., Қоянды ауылы, Жас дәурен көшесі, 56 мекен-жайында орналасқан «№14 ЖОМ» КММ мәжіліс залында өтеді.

Тыңдауларға онлайн режимінде Zoom платформасында мына сілтеме бойынша қосылуға болады: [Құжаттар пакетімен порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, ОЖ және су ресурстары басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat?lang=ru>.](https://us05web.zoom.us/j/88209973232?pwd=YmtMFyVohDkM3tNnsr7dEhU4ERpG4G1.конференция идентификаторы: 882 0997 3232 кіру коды: jczx4v.</p>
</div>
<div data-bbox=)

Жобалар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Павлодар облысы, Павлодар қ., Катаев к-сі, 18, 206-кеңсе немесе 8-707-607-2943 е-mail: shunyasolar@mail.ru.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар ОЖ және табиғи ресурстардың жай күйі туралы Ұлттық деректер банкінің порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады (<https://ndbecology.gov.kz>) немесе ЖАО электрондық пошталы арқылы unosvr@mail.ru.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Астам НС» ЖШС, БСН 080940019265, ҚР, 100000, Астана қаласы, Б. Момышұлы даңғылы, 15А-үй, 3-пәтер (кеңсе). Байланыс тел.: +7-771-210-1841.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭКОПРОМ «ҰО» ЖШС, БСН 160440000075, ҚР, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 297-67. Байланыс тел. +7-707-607-2943, е-mail: shunyasolar@mail.ru. (515)

ЖАРНАМА
66-15-40,
66-15-42

АЙБЫН

Ерлік әндері шырқалды

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Қ. Әбусейітов атындағы мәдениет және ойын-сауық орталығында «Батыл жүрек» атты дәстүрлі әскери-патриоттық әндер фестивалі ұйымдастырылды. Шараны Павлодар облыстық «Ауған соғысы және жергілікті соғыстар ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық қоры өткізді.

Іс-шара барысында сахнада әскери жылдардағы әндер мен ауған соғысы тақырыбындағы патриоттық шығармалар шырқалды. Фестивальдің басты мақсаты - жастардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, азаматтық белсенділігін арттыру және әскери-патриоттық әндерге деген қызығушылығын ояту.

«Павлодар облысы және Павлодар қаласының Ауған соғысы және жергілікті соғыстар ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық қорының басшысы Төлеген Қоқымбаевтың айтуынша, бұл фестиваль жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

- Биылғы шараға Павлодар қаласының мектеп оқушылары

мен жастар қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар, Екібастұз қаласынан келген қатысушылар да фестивальге қатысты. Мұндай шаралар жас ұрпаққа үлкен серпін береді. Олар сахнаға шығып, өз өнерін көрсетіп қана қоймай, әскери-патриоттық рухты сезінеді. Бұл - жастар тәрбиесіндегі маңызды бағыттардың бірі, - деді Төлеген Қоқымбаев.

Байқауға қатысушылар жеке орында, дуэт және трио форматында өнер көрсетті. Қазылар алқасы үздік өнерпаздарды анықтап, бас жүлде, сондай-ақ бірінші, екінші және үшінші орындармен марапаттады.

Н.ҚАЛЫБЕК.

ТАБИФАТ

Үстіне ағаш құлады

Өткен жексенбіде аймақта дүлей дауыл орын алып, жаңбыр құйды. Табиғаттың тосыннан келген мінезінен зардап шеккен ғимараттар мен жарақат алған тұрғындар бар.

Облыстық жедел штабтың мәліметіне сүйенсек, 26 сәуірде ауа райының нашарлауы және желдің күшеюі салдарынан Екібастұз қаласы, Ақтоғай, Ертіс, Тереңкөл, Железин және Успен аудандарында 29 ғимараттың шатырына зақым келген. Бұл ретте жеке тұрғын үйлер, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері мен әкімшілік, сауда нысандарының төбесі ұшқан. 36 елді мекенде электр жарығы өшіп қалған.

Жексенбіде ауа райының қолайсыздығына байланысты жедел жәрдем қызметіне келіп түскен шақырту саны күрт көбейді. Бұл ретте қоңырау саны едеттегіден 10-15 пайызға артты. 26 сәуірде фельдшерлік бригада жүкті әйелге көмек көрсетті. Шұғыл қоңырау жедел жәрдем пультіне

түнгі сағат 2.30 шамасында түседі. 22 жастағы келіншек жүктілігінің 39-ыншы аптасында толғағы қысып, шұғыл көмекті қажет еткен. Медицина мамандарының көмегімен сал-мағы 3,6 келі, бойы 53 сантиметр ұл бала дүниеге келіп, анасы екеуі облыстық перинаталдық орталыққа жеткізілді.

Ақтоғай ауылында құлаған шатырдан жабындысынан 1985 жылғы әйел жарақат алды. Беті жараланған адам аудандық ауруханаға жатқызылды. Бұдан бөлек, Павлодар қаласында 34 жастағы әйел зардап шекті. Ол Қамзин көшесінде келе жатқанда үстіне ағаш құлаған. Жабық бас-ми жарақатын алған әйел Павлодар қалалық №1 ауруханасына жеткізілді.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

Қоғамдық тыңдаулар!

«Аксуский электро-металлургический завод» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Павлодар облысында қуаты жылына 150 000 тонна күкірт қышқылын өндіретін зауыт салу» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аумағы: Павлодар облысы, Аксу қ., Евгеньев ауылдық округі. Жұмыс учаскесінің ауданы 2,16 га құрайды. Координаттар: 1) 52°03'18,349"се, 76°48'40,010"шб; 2) 52°03'18,490"се, 76°48'49,482"шб; 3) 52°03'18,620"се, 76°48'49,648"шб; 4) 52°03'14,472"се, 76°48'40,194"шб.

Қоғамдық тыңдаулар 12.06.2026 жылы сағат 10.00-де келесі мекенжай бойынша өтеді: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Аксу қ., Евгеньев ауылдық округі, Үштерек ауылы, Абылайхан көшесі, 22, жеке МҮ ғимараты. Аумақтық тұрғыдан Үштерек ауылы Евгеньев ауылдық округі әкімдігіне қарайды. Евгеньевка ауылының тұрғындары үшін 12.06.2026 ж. қоғамдық тыңдауларға қатысу мақсатында көлік ұйымдастырылады. Жиналу орны - ауылдық әкімдік, жиналу уақыты сағат 8.45-тен 9.00-ге дейін, Евгеньевка ауылынан шығу сағат 9.00-де.

12.06.2026 ж. қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Аксу қаласының тұрғындарына көлік ұсынылады. Жиналу орны - Балалар шығармашылық үйі, мекенжайы: Аксу қаласы, Қалалық мәдениет және демалыс паркi, Астана көшесi, 37. Жиналу уақыты сағат 8.45-тен 9.00-ге дейін, Аксу қаласынан шығу сағат 9.00-де.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы) өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін <https://us06web.zoom.us/j/83596550013?pwd=huRmpixRsXquaSNlvYcXROxlUHREAV.1> сілтеме бойынша өту қажет. **Конференция идентификаторы:** 835 9655 0013, қол жеткізу коды: 978520. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша жоспарланып отырған қызметтің бастамашысының байланыс телефондары арқылы хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» (<https://ndbecology.gov.kz/>) порталында, «Қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімінде, сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/about?lang=ru> «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-нде тел. 8 (7182) 37-21-78, электрондық мекенжай: unosvr_15.07.2025@mail.ru, buhina.raushan@pavlodar.gov.kz арқылы қабылданады.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес, қатысушылардың шешімі бойынша қоғамдық тыңдауды ашық жиналыс форматында өткізу мерзімі бес қатарынан келетін жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Аксуский электро-металлургический завод» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 140000, Қазақстан, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 328 құрылыс, БСН: 081040001659, е-mail: aemz@aemzgroup.kz, тел. 87182344517.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Консерт» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к., 21, БСН: 211040029201, тел. +7 (777) 414-90-10, е-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты toolec21@gmail.com электрондық пошта мекенжайы және тел. +7 (777) 414-90-10 арқылы алуға болады.

(2045)

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.



ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz

Газеттің электронды пошталы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 66-15-31.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі:
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 3220 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 508

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазба-ша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.